

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



2026 ж. «19-21» қыркүйек күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені № 97**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 18 қыркүйек сағат 20:00-ден 21 қыркүйек сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 18.09.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Саханова А.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «19-21» қыркүйек

Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4030 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,4 - 1,6 °С төмендеді, биік таулы аймағында – 0,3 °С. Өзендердің басым бөлігінде су деңгейі қауіпті деңгейдің орта есеппен 76 % құрайды. 19 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. (Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериялды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады). Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,5 °С төмендеді. Шелек өзеніндегі су деңгейі қауіпті деңгейдің 87 % құрайды. 19 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Күнгей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатау	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,3 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейі қауіпті деңгейдің орта есеппен 52 % құрайды. 19 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Теріскей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 1,6 °С төмендеді, батыс бөлігінде 0,3 °С. Солтүстік және батыс беткейлердегі өзендерде су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 67 %, ал оңтүстік беткейлердегі өзендерде 40 % құрайды. 19 қыркүйекте Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20 қыркүйекте жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.

Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,2 °С төмендеді. Қырғыз Алатауындағы өзендерде су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 44 %, Талас Алатауында – 29 %. 19 қыркүйекте күндіз жаңбыр (2-4 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Қырғыз Алатауында және Талас Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 21 қыркүйекте жаңбыр (3-8 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,3 °С төмендеді. Талас Алатауындағы өзендерде су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 64 %, ал Өгем жотасындағы өзендерде 35 % құрайды. 19 қыркүйекте күндіз өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20, 21 қыркүйекте өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,5 °С төмендеді. 19, 20, 21 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,4 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды*. 19, 20 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,7 °С төмендеді. 19 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20, 21 қыркүйекте жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 0,9 °С төмендеді, оңтүстік-шығыс бөлігінде – 2,0 °С. Өзендердегі су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 26 % құрайды. 19 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 20, 21 қыркүйекте жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

* су деңгейінің тәуліктік өзгерісі таңғы сағат 08:00-дегі жағдай бойынша келтірілген

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «19» қыркүйекке
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 9-14 м/с. 2000 м: ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 10-15 градус жылы.
Күнгей Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 18-23 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 18-23 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жауын-шашынсыз. Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 20-25 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5 градус аяз, күндіз 15-20 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз жаңбыр (2-4 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 24-29 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз жаңбыр (2-4 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 24-29 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Күндіз өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 19-24 градус жылы.
Өгем жотасы	Күндіз өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 23-28 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 27-32 жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан, оңтүстіктен жел соғады, күші 9-14 м/с, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 2, күндіз 20-25, кей жерлерде 15 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-шығысқа ауысады, күші 9-14 м/с, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, кей жерлерде 13, күндіз 25-30 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Түнде және таңертең кей жерлерде тұман. Шығыстан, оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, кей жерлерде 1 градус жылы, күндіз 25-30, кей жерлерде 20 градус жылы.

* Ескерту: жауын-шашын мөлшерінің болжамы WRF, ECMWF, ICON сандық ауа райы болжамдарының есептеулері бойынша беріледі

2026 жылғы «20-21 қыркүйекке» арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 20 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Ауа температурасы 20 қыркүйекте түнде 7-12, күндіз 19-24 градус жылы, 21 қыркүйекте түнде 4-9, күндіз 15-20 градус жылы.

Жетісу: күндіз 20 қыркүйекте жаңбыр (1-5 мм), найзағай. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. Ауа температурасы 20 қыркүйекте түнде 9-14, күндіз 24-29 градус жылы, 21 қыркүйекте түнде 9-14, күндіз 15-20 градус жылы.

Жамбыл: 20 қыркүйекте жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), бұршақ, дауыл. 21 қыркүйекте жаңбыр (3-8 мм), найзағай. Ауа температурасы 20 қыркүйек түнде 8-13, күндіз 22-27 градус жылы, 21 қыркүйек түнде 3-8, күндіз 20-25 градус жылы.

Түркістан: 20-21 қыркүйекте өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 8-13 градус жылы, күндіз 19-24 градус жылы.

Маңғыстау: 20-21 қыркүйекте жауын-шашынсыз. Ауа температурасы 20 қыркүйек түнде 15-20, күндіз 25-30 градус жылы, 21 қыркүйек түнде 18-23, күндіз 27-32 градус жылы.

Абай: 20 қыркүйекте жауын-шашынсыз. 21 қыркүйекте жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 4-9, кей жерлерде 13, күндіз 22-27 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: 20-21 қыркүйекте жаңбыр (1-10 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 5-10, кей жерлерде 2, күндіз 20-25, кей жерлерде 15 градус жылы.